

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «8D041– Бизнес және басқару» кадрларды даярлау бағыты және 6D050600, 8D04102 – Экономика, 6D051000, 8D04103 – Мемлекеттік және жергілікті басқару, 6D051700, 8D04105 – Инновациялық менеджмент, 6D051800, 8D04107 – Жобаларды басқару, 6D050800, 8D04108 – Есеп және аудит, 6D050900, 8D04110 – Қаржы, 6D051100, 8D04111 – Маркетинг, 6D051300 – Әлемдік экономика мамандықтар тобы бойынша диссертациялық кеңесі.

Есепте мынадай мәліметтер бар:

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер: 17
2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).

Диссертациялық кеңестің барлық мүшелері – 12 адам, олардың ішінде 6 адам (50%) диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері және 6 адам (50%) докторлық зерттеу тақырыбына байланысты докторанттың қорғау кезеңіне уақытша тағайындалды.

Диссертациялық кеңестің мүшесі, шетелдік ғалым, э.ғ.д., доцент Дубина И.Н. 5 ізденушінің құжаттарын қабылдау және диссертациялық жұмысты қорғау мәжілістеріне белгілі бір себептерге байланысты қатыса алмады. Диссертациялық кеңестің мүшесі, э.ғ.д., доцент Сагиева Р.К. 1 мәжіліске жұмыс сапарына байланысты қатыса алмады.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

№	Докторанттардың ТАӘ	Докторант оқыған, ЖОО	Докторанттың кеңесшілері
1	Сагидолда Нагима (қорғау)	Нархоз университеті	1. Абенова Кульзада Абдрахмановна – философия докторы (PhD), Нархоз университетінің «Әлеуметтік ғылымдар» ғылыми білім беру департаментінің қауымдастырылған профессоры (Алматы қ., Қазақстан); 2. Бобков Вячеслав Николаевич – экономика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей Ғылым академиясының Федералды ғылыми-зерттеу социологиялық орталығының халықтың әлеуметтік-экономикалық проблемалары институтының бас ғылыми қызметкері, өмір сүру деңгейі мен сапасы проблемалары зертханасының меңгерушісі (Мәскеу қ., Ресей).

2	Когут Оксана Юрьевна (қорғау)	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	1. Джаншанло Рамзан Есарович – экономика ғылымдарының докторы. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, Алматы қ., Қазақстан Республикасы; 2. Черевач-Филипович Катаржина – PhD, DSc, Белосток технологиялық университетінің қауымдастырылған профессоры, Белосток қ., Польша.
3	Жунисова Гульнара Ериковна (қорғау)	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	1. Байдильдина Адиля Манатовна – экономика ғылымдарының докторы. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің білім беру бағдарламаларын жобалау департаментінің директоры, профессор, Алматы қ., Қазақстан Республикасы; 2. Петр Хайек – PhD, Еуропалық қолданбалы ғылымдар мен менеджмент институты, Прага қ., Чехия Республикасы.
4	Куанова Лаура Айболовна (қабылдау мен қорғау)	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	1. Сагиева Римма Калымбековна - экономика ғылымдарының докторы, профессор м.а. аль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан Республикасы); 2. Ширази Насим Шах - PhD, профессор Хамад Бин Халифа Университеті (Доха қ., Қатар).
5	Боранбаева Айнур Канатовна (қабылдау мен қорғау)	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	1. Рахматуллаева Динара Жаксылыковна – PhD, «Экономика» кафедрасының доцент м.а. аль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, (Алматы қ., Қазақстан Республикасы) 2. Руи Динис Соуза – PhD, профессор, Ұйымдар мен әлеуметтік зертханаларды трансформациялауға арналған ақпараттық жүйелер мен технологиялар, ALGORITHMІ Зерттеу Орталығы, Минью университеті, Брага қ., Португалия.
6	Калиев Калижан Сағатбекұлы (қабылдау мен қорғау)	КИМЭП Университеті	1. Мира Нурмаханова – қауымдастырылған профессор, есеп және қаржы департаментінің төрағасы, Бэнг атындағы бизнес колледжі, КИМЭП Университеті, (Алматы қ., Қазақстан Республикасы); 2. Санг Хун Ли – PhD, профессор бизнес мектебінің деканы, BRAC университеті, Дакка қ., Бангладеш.

7	Жайсанова Динара Сайлауқызы (қабылдау мен қорғау)	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	1. Жупарова Азиза Сериковна – PhD, қауымдастырылған профессор, «Экономика» кафедрасы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан Республикасы); 2. Жианпаоло Йаззолино – PhD, қауымдастырылған профессор Калабрия Университеті, Италия.
8	Пазилов Галимжан (қабылдау мен қорғау)	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	1. Бимендиева Лайла Абдрашовна – экономика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан Республикасы); 2. Иващенко Наталия Павловна – экономика ғылымдарының докторы, М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Мәскеу қ., Ресей Федерациясы.
9	Есентай Айгерим (қабылдау мен қорғау)	ҚР БҒМ ҒК ЭИ және Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	Халитова Мадина Муратовна – экономика ғылымдарының докторы, доцент, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Экономика институты. (Алматы қ., Қазақстан Республикасы); 2. Толга Медени - техникалық ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Анкара Йылдырым Бейязит университеті (Анкара, Түркия)
10	Кулембаева Флора Мухитдиновна (қабылдау мен қорғау)	"Нархоз университеті" КЕАҚ	1. Сейтказиева Аружан Мукатаевна - экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚБТУ АҚ кәсіптік бағдарламалар департаменті директорының орынбасары (Алматы қ., Қазақстан Республикасы); 2. Гана Шоллеова - PhD, RNDr. Ing., қауымдастырылған профессор, University of Chemical Technology, (Прага қ., Чехия).
11	Иманбекова Багдагуль Толендиевна (қабылдау мен қорғау)	"Алматы технологиялық университеті"	1. Джолдасбаева Гульнара Каримовна – экономика ғылымдарының докторы, АТУ, профессор, Экономика және менеджмент кафедрасы (Алматы қ., Қазақстан Республикасы); 2. Дауылбаев Куандық Бахтиярович - экономика ғылымдарының докторы, АТУ, доцент, Экономика және менеджмент кафедрасы (Алматы қ., Қазақстан Республикасы);

			3. Пономарев Максим Александрович - экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, "Ұйымдастырушылық-басқарушылық инновациялар" кафедрасы, Плеханов атындағы Ресей экономикалық университеті (Мәскеу, Ресей Федерациясы).
--	--	--	--

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау:

Сагидолда Нагима - диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасы өңірлерінің демографиялық әлеуеті мен демографиялық саясатының теориялық-әдіснамалық негіздерін зерделеуге, жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясаттың ықпалын талдау арқылы елдің депрессиялық өңірлерінде демографиялық әлеуетті арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге арналған.

Когут Оксана Юрьевна - диссертациялық зерттеу адами капиталды бухгалтерлік, басқарушылық есепке алу жүйесін қалыптастыруға және ұйымда тиісті есептілікті әзірлеуге арналған.

Жунисова Гульнара Ериковна - диссертациялық зерттеу теориялық негіздерді зерттеуге, әдістемелік негіздеме жүргізуге және ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін стратегиялық басқарушылық есеп пен талдауды ұйымдастыру бойынша практикалық ұсыныстарды әзірлеуге арналған.

Куанова Лаура Айболовна - диссертациялық зерттеу исламдық қаржыландырудың әлеуметтік тиімділігінің теориялық және әдістемелік негіздерін зерттеу және исламдық қаржы құралдарын Қазақстан Республикасының қаржы жүйесіне сәтті интеграциясы бойынша практикалық ұсыныстарды әзірлеуге бағытталған.

Боранбаева Айнур Канатовна - диссертациялық зерттеу Қазақстанның аграрлық секторын дамыту үшін технологиялар трансфері процесін басқарудың теориялық және әдіснамалық аспектілерін зерттеуге арналған.

Калиев Калижан Сағатбекұлы - диссертациялық зерттеу өтпелі экономикасы бар елдердің дамушы нарықтарындағы тиімділік пен тәуекел тұрғысынан банктік бизнес-модельдеуді құруды зерттеуге арналған.

Жайсанова Динара Сайлауқызы - диссертациялық зерттеу ғылымды қажет ететін экономиканы қалыптастыру негіздерін зерттеуге және әлемдік теория мен практикадағы басқару тәсілдері мен құралдарын тандауды ескере

отырып, ғылымды қажет ететін өндірістерді басқару жүйесін модернизациялау бойынша ұсыныстар жасауға арналған.

Пазиров Галимжан - диссертациялық зерттеу бәсекелестік артықшылық ретінде кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін басқарудың теориялық және әдіснамалық негіздерін зерттеу нәтижесінде тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін басқаруды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге арналған.

Есентай Айгерим - диссертациялық зерттеу әлемдік қаржы дағдарысының Ұлттық зейнетақы жүйелеріне әсерін талдауға және экономиканың құлдырауы жағдайында Қазақстанның зейнетақы жүйесін дамыту бағыттары мен перспективаларын анықтауға арналған.

Кулембаева Флора Мухитдиновна - диссертациялық зерттеу кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында аутсорсингті енгізу бойынша ғылыми негізделген ұсыныстарды әзірлеуге арналған.

Иманбекова Багдагуль Толендиевна - диссертациялық зерттеу туризмі тұрақты дамуының теориясы мен әдіснамасын зерттеу негізінде келу туризмінің ұлттық жүйесін қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеуге арналған.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы:

Н. Сагидолданың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі Даму стратегиясы; Қазақстан Республикасының "Серпін-2050" мемлекеттік бағдарламасы; Қазақстан Республикасының "Мәңгілік ел жастары - индустрияға" мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде және Қазақстан Республикасының бағдарламалық құжаттары базасында орындалды.

О.Ю. Когуттың диссертациялық жұмысының нәтижелері ҚР индустриялық-инновациялық дамуының 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясын және "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде пайдаланылуы мүмкін.

Г. Е. Жунисованың диссертациялық зерттеуі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 желтоқсандағы 1050 бұйрығымен бекітілген ҚР индустриялық-инновациялық дамуының 2020-2025 жылдарға арналған

мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде және Қазақстан Республикасының бағдарламалық құжаттары негізінде орындалды.

Л.А. Куанованың диссертациялық зерттеуінің нәтижелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 желтоқсандағы № 949 Қаулысымен бекітілген "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын және Қазақстан Республикасы Президенті Қ. К. Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы және 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауларымен іске асыру шеңберінде пайдаланылуы мүмкін.

А.Боранбаеваның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы және ҚР индустриялық-инновациялық дамуының 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде және Қазақстан Республикасының бағдарламалық құжаттары негізінде орындалды.

С. Калиевтің диссертациялық жұмысының нәтижелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 тамыздағы № 954 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде пайдаланылуы мүмкін.

Д. Жайсанованың диссертациялық зерттеуі экономикалық ғылымның дамуына ықпал етеді, атап айтқанда, жұмыс Инновациялық менеджмент саласында, ғылымды көп қажет ететін өндірістерді басқару саласында ғылыми білімді жинақтайды, толықтырады және дамытады.

Г. Пазировтың диссертациялық зерттеуінің нәтижелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 желтоқсандағы 1050 бұйрығымен бекітілген ҚР индустриялық-инновациялық дамуының 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде пайдаланылуы мүмкін.

Есентай А. диссертациялық жұмысының нәтижелері Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясын және Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2021 жылдың 1 қыркүйегіндегі Жолдауын іске асыру шеңберінде пайдаланылуы мүмкін.

Ф. Кулембаеваның диссертациялық зерттеуі Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2022 жылғы 27 сәуірдегі 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыруға ықпал етеді.

Б. Иманбекованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік

бағдарламасы шеңберінде және Қазақстан Республикасының бағдарламалық құжаттары базасында орындалды.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Қазақстанның депрессивті аймақтарындағы демографиялық проблемаларды шешуде мемлекеттің демографиялық саясаты әсерінің бағыттарын айқындаған қоғамның демографиялық дамуының объективті факторларының Сагидолда Н. Диссертациялық зерттеуінде ұсынған жіктеме нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылуы мүмкін.

Когут О. диссертациялық зерттеу нәтижелері «Есеп және аудит» мамандығының магистранттары үшін «Адами капиталды талдау» пәнін оқытуда пайдаланылуы мүмкін. Зерттеу нәтижелері «Учет» аудиторлық компаниясының жұмысына енгізілді.

Жунисова Г. диссертациялық зерттеуінің ғылыми-теориялық ережелері Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Стратегиялық есеп және талдау» пәнінің оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу кезінде пайдаланылды. Жұмыста ұсынылған кондитерлік саладағы ұйымдардың басқару есебінде стратегиялық шығындардың көрсетілу әдістемесі «Баян сұлу» АҚ тәжірибесінде пайдалануға енгізілді.

Л. Куанованың диссертациялық жұмысында исламдық қаржыландыру потенциалы мен зекет потенциалын бағалау әдістері ұсынылған және оның Қазақстан Республикасы халқының әлеуметтік осал топтарының әл-ауқатына әсері айқындалған. Сонымен қатар, краудфаундинг және блокчейн сияқты ақпараттық технологияларды қолдану негізінде Қазақстан Республикасында исламдық қаржының әлеуметтік тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар және исламдық қаржының әлеуметтік функциясын іске асыруды институционалдық сүйемелдеу жөніндегі ұсынымдар әзірленді.

Боранбаева А. диссертациялық зерттеу нәтижелері аграрлық секторды инновациялық-технологиялық жарақтандыру бағытына арналған еліміздің болашақ стратегиялық жоспарларын құруға бірнеше ұсыныстар берілді. Сонымен қатар, зерттеу нәтижесінде алынған технология трансфері процесін басқару моделі отандық «КазМясо» ЖШС-нің өнімділікті арттыру бағытында жасалып жатқан жоспарлы қызметінде пайдаланылды. Диссертациялық жұмыста көрсетілген аграрлық секторға технологияларды трансферлеудің

басты стратегиялық бағыттары Кеген ауданының ауыл шаруашылығының инновациялық бағыттағы даму жоспарына енгізілді.

GMM әдіснамасын қолдана отырып алынған К. Калиевтің диссертациялық зерттеуінің нәтижелері өтпелі экономикасы бар елдердің банк секторларында кірісті арттыратын және қаржылық тұрақсыздық тәуекелін төмендететін бірден-бір маңызды әсер етуші фактор болып табылатын міндетті резервтердің нормативтерін анықтауға мүмкіндік береді (2008 жылдан 2019 жылға дейінгі дағдарыс кезеңінде және одан кейінгі 17 ел негізінде).

Жайсанова Д. зерттеу нәтижелерінің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы кластерлік бастамалар және инновациялық даму бойынша мемлекеттік саясаты барысында, адами капиталды басқару және ғылымды қажет ететін өндірістерді басқару жүйесін құру кезінде одан әрі зерттеулер жүргізу үшін қосымша теориялық және әдістемелік негіздеме бола алады. Әдістемелік маңыздылыққа ұсынылған Малмквист өнімділік индексі негізінде білімді қажет ететін экономика құрылымының макро перспективасын қалыптастыру бойынша іске асырылған мемлекеттік шаралардың тиімділігін бағалау құралы, Херфиндаль-Хиршман көрсеткіші негізінде аймақтың салалық мамандануын анықтау құралы және «маркетинг микс» тұжырымдамасы негізінде компаниялардың инновациялық белсенділігін бағалау көрсеткіштері ие болып табылады.

Пазилова Г. диссертациялық зерттеулер барысында алынған нәтижелер отандық тоқыма кәсіпорындарында инновациялық қызметті іске асыруға, олардың инновациялық белсенділігін тиімді басқару арқылы нарықта бәсекелік қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін болады. Тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін инновация түрлері бойынша нақты анықтау мақсатында ұсынылған белсенділік көрсеткіштері алдағы уақытта басқа да өнеркәсіп кәсіпорындарының инновациялық белсенділігін анықтауда және олардың инновациялық белсенділігін басқару бойынша нақты шешімдер қабылдауда қолданылуы мүмкін.

Есентай А. диссертациялық зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелер дамыған және дамушы елдердің зейнетақы жүйелерін зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін дамыту үшін маңызды. Зерттеу барысында зейнетақы жүйесін жаңғырту үшін жүргізіліп жатқан реформалар туралы жаңа білім алынды. Зерттеу нәтижелерінің практикалық құндылығы Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін дамыту жөнінде әзірленген ұсыныстарды мемлекет әлеуметтік мемлекет ретіндегі ең өткір әлеуметтік-экономикалық мәселелердің бірі – тиімді зейнетақы жүйесін құру үшін пайдалана алатындығында.

Кулембаева Ф. кәсіпорындарда аутсорсингті енгізу бойынша ұсыныстар әзірледі. Зерттеудің теориялық және әдістемелік материалдарының практикалық құндылығы жоғары мектептерде (оқу үрдісінде) «Кәсіпорын экономикасы» пәні бойынша дәріс және практикалық сабақтар өткізу процесінде пайдаланылуы мүмкін. Диссертациялық зерттеу нәтижесінде алынған қорытындылар мен ұсынымдар «Smash LTD» ЖШС-де кәсіпорынында одан әрі тиімді қызметі үшін аутсорсингтік қызметтерді енгізу бойынша ұсынымдар әзірлеу кезінде пайдаланылды.

Б. Иманбекованың зерттеуінің практикалық маңыздылығы келу туризмін дамыту бойынша теориялық және әдістемелік ережелерді әзірлеу болып табылады. Диссертацияның негізгі әдістемелік ережелері мен математикалық модельдеу негізінде келу туризмін дамытудың маңызды сегменттерінің басымдылығын бағалау бойынша практикалық ұсыныстарды билік органдары өңірлік бағдарламаларды әзірлеу кезінде пайдалана алады, бұл Қазақстан Республикасының қабылдаушы аумақтарының келу туризмін одан әрі дамыту үшін қажетті жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертацияның мазмұнын оқып зерделеу үшін және сыни пікір беруі үшін әрбір диссертацияға ресми түрде екі рецензент тағайындалды, олардың ғылыми дәрежелері ғылым докторы немесе ғылым кандидаты, философия (PhD) докторлары болды және докторанттың зерттеу аумағындағы ғылыми мақалалары 5 (бесеуден) аз болмауы шарт екендігі ескерілді.

Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық кеңес рецензент пен докторанттың бір-біріне тәуелсіз болу принципі жетекшілікке ала отырып тағайындады.

Ресми рецензенттер диссертациялық кеңеске жазбаша түрде пікірлерін көрсетті, онда диссертацияның ғылымның даму бағытына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестілігі, өзектілігі, жаңашылдық принциптеріне сәйкестілігі, автордың жеке үлесі, нақтылығы, ішкі бірлігі, практикалық маңызы, академиялық адалдылығы ескерілген және философия (PhD) докторы дәрежесін алу мүмкіншілігі қортындыланған. Ресми рецензенттердің берген пікірлерінің көшірмесі докторанттарға берілді және диссертацияны қорғау күні белгіленген күнге 5 (бес) жұмыс күні қалғанға дейін университеттің интернет ресурсына ілінді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

1. Диссертациялық кеңеске қорғауға ұсынылған диссертациялық жұмысты ресми алдын-ала сараптау практикасын қайтару.

2. Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін іздеу, іріктеу мен бекітуге берілген уақытты ұзарту.

2. Диссертациялық жұмысты қорғау барысында толтырылуы қажет құжаттар санын азайту.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

№		6D050600, 8D04102 – Экономика	6D051000, 8D04103 – МжЖБ	6D051700, 8D04105 – Инновациялық менеджмент	6D051800, 8D04107 – Жобаларды басқару	6D050800, 8D04108 – Есеп және аудит	6D050900, 8D04110 – Қаржы	6D051100, 8D04111 – Маркетинг	6D051300 – Өлемдік экономика
1	қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	2	1	3	-	2	2	-	1
2	қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-	-	-	-	-
3	рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-	-	-	-	-
4	қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-	-	-	-	-
5	пысықтауға жіберілген диссертациялар	1	-	-	-	-	-	-	-

	(оның ішінде басқа ЖОО докторанттарын ың)								
6	қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарын ың)	-	-	-	-	-	-	-	-

Диссертациялық кеңестің төрағасы

Тургинбаева А.Н.

Диссертациялық кеңестің

ғылыми хатшысы



Куанова Л.А.

«05» 01 2023 ж.